

Шығыстың
ұлылары

Ш. Күмісбайұлы

Қанжығалы Бөгенбай

т а р и х • т ұ л ғ а • у а қ ы т



Ш. Күмісбайұлы

*Қанжығалы
Бөгенбай*



АРУНА
БАҚПАРҰ

ББК 63.3 (5қаз)

К 84

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Күмісбайұлы Ш.

К 84

Қанжығалы Бөгенбай. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы:
«Аруна» баспасы. 2005. – 92 бет («Шығыстың ұлылары»
топтамасы)

ISBN9965-26-057-5

«Аруна» баспасы сіздерге арнап «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда қазақ-жоңғар соғысында елін, туған жерін ерлікпен қорғаған қолбасшы, жекпе-жектерде ешкімнен жеңіліс көрмеген қазақ елінің бас батыры Қанжығалы Бөгенбайдың өмірі мен күрес жолдары толық әрі әсерлі баяндалады.

ББК 63.3 (5қаз)

К 0503020905
00(05) – 05

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-057-5

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005

Мазмұны

Бәсіре.....	5
Ата жаудың басын кескен алдаспан.....	15
Қарашекпенмен қақтығыс.....	30
Қарақұмдағы құрылтай.....	44
Алғашқы таныстық.....	46
Аңырақайдағы шайқас.....	57
Қалмақты талқандау.....	71
Улуршітпен соғыс.....	77
Соңғы дем.....	84



Бәсіре

Ауыл бүгін абыр-сабыр. «Бөгенбай нағашысының ауылынан бәсіре мініп қайтыпты» дегенді естіген өздерін қанжығалымыз дейтін жұрт Ақша баласына тұлпар жетектеткендей мәре-сәре күй кешуде. Тойсыз күнін өткізбейтін ел бұл жолы да қол қусырып отыра алмады. Мал сойып жіберіп, жер-ошақтың астына от тұтатып, қазан-қазан ас көтерді. Көрші отырған ауылдарға ат шаптырды.

Елден ерек Бөгенбайдың қуанышында шек жоқ. Өз қызығы өзінде. Енді оның жекеменшік тайы бар. Иә, Қызылкүрең қалай болғанда да бәйгенің алдын бермес сәйгүлік атанады. Тұқымы текті жылқыдан екен. Осыны армандап қазақ үйдің артындағы ойпаңда Қызылкүреңді шылбырымен ұсындыра жайып, көрпеше үстінде жатқан Бөгенбай шын бақытты еді. Ол тек мінген бәсіресіне тамсана қараумен болды. Атасының да, әкесі Ақшаның да әңгімесін әлсін-әлсін есіне түсіре берді.

– Қарғам-ау, біздің тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы. Содан да болар, атам қазақ «Қой – береке, түйе – ғазиз мал, ал аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады» дейді. Жылқы – төрт түліктің төресі. Тәкаппар да сезімтал, кербез де киелі жануар. Қазақ қазақ болып, ұлт атанғаны үшін негізінен осы жылқы малына қарыздар. Осыншама кең-байтақ жерді бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп, білектің күшімен, найзаның ұшымен сақтап қалды. Бізге аманат етіп тапсырды, – дейтін атасы.

Сенбеске шараң жоқ. Атасы анау-мынау емес еңсегей бойлы ер Есім ханның бас сардары болған.



Әкесі Ақша да:

– Жылқы малы бәйгеде, барымтада, көкпарда және жан алып, жан беріскен соғыстарда, жорықтарда, қаншама бір аласапыран қырғындарда жаудың да, жаралы жауынгерлердің де денесін баспайды. Жылқының тектілігі сонда. Көп жағдайда аттан құлаған адам аман қалады, тіпті кейде еш жері жарақаттанбайды. Сондықтан халқымызда «Есек тұяғын төсейді, түйе шудасын төсейді, ат жалын төсейді» деген сөз бар, – дейтін.

Бөгенбай Қызылкүреңге сүйсіне қарап сәл отырды да, көк шөптің үстіне аунай кетті. Сөйткенше қылқұйрықтың қоңыраудай сыңғырлаған үні естілді. Ол да тайға ұқсап кісіней беріп еді, Қызылкүрең бұған қарады да, жерге жата кетіп аунай салды.

– Мазақтаған түрін мені. О, тентек, – деді Бөгенбай күбір етіп. – Әлі-ақ нағыз тұлпар боласың ...

– Өз уақытында атақты Ескендір Зұлқарнайын да Сыр бойына келіп, мақсатына жете алмай өз еліне қайтуға мәжбүр болған. Өйткені оларды шөлді, құмды шексіз дала, сусыздық, жолсыздық зәразап* етіпті. Тұтқиылдан қырғидай тиіп, шабуылдайтын да, лезде көзден ғайып болатын атты сақ жауынгерлері әбден зықысын шығарыпты. Қанша мерген болғанымен жау әскерінің сақтарға атқан оғы тимейтін көрінеді. Желдей жүйріктер жауға жеткізбей кетеді екен. Әне, біздің бабаларымыз осындай жаугер болған, – дейтін әкесі.

Әңгіменің қызығына беріліп кеткен Бөгенбай:

– Онда Ескендір әскерінде мергендер тобын неге құрмаған? – деп әкесіне аңтарыла қарайтын.

– Әрине, олардың жауынгерлері әскери шеберлігі жағынан ешкімге дес бермейтін. Алайда сақ жауынгерлерін қанша мерген болса да оққа ұшыру оңай емес. Олардың тұлпарлары иелеріне оқ тигізбейтін еді. Біздің ата-бабаларымыз баяғы заманда он бір – он екі жасар балаларының қолына садақ беріп, сала құлаш жіппен қазыққа байланған құлынды бес жыл бойы күніне әлденеше рет

**зәразап ету – запы қылу, мезі ету*

ағаштың бұтағынан жасалған мамық оқпен аттырып, жаттықтырады екен. Сол бала он жетіге келгенде, бестісіне шыққан құлын да дайындық жаттығудан өтіп, садақ оғын дарытпай, шиыршық атқан. Содан ұрыстарда жауынгер түгілі, оның астындағы аты да оқтан жалтаратын болған, – дейтін әкесі.

Өскенде Қызылкүрең сондай болса ғой ...


Әп-сәтте ойына әлдене түсті ме, Бөгенбай орнынан тұрып тайға қарай аяңдай басты. Жас хайуан да бала сияқты ғой, өзіне қарай ентелеп келе жатқан қараға осқырына қарап, сауырын бұрып, теппекке ыңғайланды.

– Әу, солай ма? – деді дауыстай сөйлеген Бөгенбай. – Өз иенді тебетін ойың бар екен ғой. Мен сені тәубеңе келтірейін ...

Әне-міне дегенше шылбырдан жасалған қыл бұғалық тайдың мойнына барып ілінді. Бөгенбайдың ауылдағы балалар арасында нағыз ат үйретудің шебері екенін Қызылкүрең қайдан білсін. Тай тікесінен шапшып аспанға атылғанда Бөгенбай астына кіріп кетіп, алдыңғы екі аяғынан шап беріп, бір жамбасына алып ұрды. Қос құлағынан ұстап, басын жерге кіргізіп жібере жаздап, қолындағы елік сапты қамшымен сауырынан шып еткізіп тартып-тартып жіберді. Көзі шарасынан шыққан тай денесі дірілдеп, бұлқынғанын қойып тыншып, момақан күйге түсті.

Бөгенбай Қызылкүреңді орнынан тұрғызып, ноқта-лап алып ары-бері жетектеп еді, соңынан монтаңдап еріп, оғаш қимыл байқатпады. Тайды өзі отырған көрпенің жанында жатқан жүген, тартпа, тоқымға таяу жетектеп кеп, жіптіктей қып ерттеді де, үстіне қарғып мінді. Бұл жолы да Қызылкүрең асаулық танытпады. Қара сұр, түсі суық, биік қабақ, қыр мұрынды баланың айтқанына көніп, айдауына жүрді. Бөгенбай тебін-бей-ақ, ұмсына тізгінді қағып еді, тай майда жүріспен жүріп берді.

– Сен, сен нағыз ақылды тай екенсің ғой. Әлден-ақ күш көрсеттім бе саған? Тұлпар болар қылқұйрықты бестісіне дейін еркін жіберу керек деген ғой үлкендер.



Оны қалай ұмытып кеттім екен, ә? Жә, кешір енді. Саған жасаған зорлығымның басы да, соңы да осы болсын, – деп Бөгенбай тайымен адамша сөйлесіп жүріп, тартпасын босатып алып, лақтырып жіберді де, Қызылкүреңнің жүгенін сыпырды.

– Ал, енді сен бостандықтасың. Ренжімейсің ғой маған, – деді ант қабылдағандай боп.

Тай жанынан ұзай берді. Әлгідегі құқай көрсеткен қара дөйден құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, сәл уақыт мойнын бұрып Бөгенбайға қарады да, кенет құйрығын көтеріп, басының еркіндігін тойлағандай Бөген өзені бойындағы көкорайлы шалғынды айнала шауып, жұлдыздай ақты. Бөгенбайдың ойына сонау бір ақсақалдар жиылғандағы әңгіме түсті.

– Атбегілер деген көреген әрі білгір болады. Оларға аттың тұяғын көру де жеткілікті. Соған қарап-ақ бәрін болжайды. Көзбен көріп, қолмен ұстағандай анық айтады. Жылқы атаулының пайғамбарлары дерсің. Сондықтан да аттың иелері бәйгеге қосатын тұлпарын тұяғына дейін жабулап, сырт көзге көрсетпейді, – деген еді Жабал қарт.

Одан әрі топ қария дуылдасып Қамбар ата түлігін мақтап жөнелсін. Бірі жылқы малдың патшасы десе, енді бірі жылқыны жеті қазынаның біріне жатқызды.

Қызылкүреңнің ары-бері ойнақтағанына көз салып тұрған Бөгенбайдың ту сыртынан әлдекімнің көк шалғынды сусылдата басып келе жатқан аяқ алысы естілді. Сөлі кетіп, енді-енді қатая бастаған шүйгін шөп бырт-бырт етіп дыбыс шығарып сынып жатқандай.

– Әй, Бөген, сен тура жылқымен туыс адам сияқтысың. Әкем үнемі солай дейді. Тіпті сенде жылқының иісі бар дегенді қоңырсытады. Түсінбедім, ол не дегені? – деді Көлбай ежелгі қырсық, қыңыр сөзін бастап.

Шынында өзіне тете осы ағасының мінезі қызық. Оны көргенде құрбы-құрдас атаулы сонадайдан қашып, әйелдері аяғының ұшымен жүріп қызмет етеді. Жезделері де Көлбайдың аты аталғаннан-ақ зар қағады. Балдыздығын жасап, қалжыңдаған боп, аттарының

жүгенін сыпырып бос қоя береді. Не болмаса мінісінің* ер-тоқымын теріс ерттеп қояды. Тіпті кейде атының шап айылын босатып, жезделерін талай рет ат бауырына да түсірген. Қойшы, әйтеуір жасамайтыны жоқ. Жеңгелерінің көрген күні де осы.

Қайткенде Көлбайға «бағынуы» керек. Әйтпесе, жағдайлары қиын. Әкесі де Көлбайға қой демейді.

Сонау бірде ағасы Қалабай Көлбайға:

– Мына тірлігің ұят қой. Үйге жезделерің келсе, зар қағатын болды, – деп ескерту жасаған.

Інісі ағасының бұл сөзін құлағына да ілмеді. «Ойын» қоймаған соң тіпті бірде Қалабайдан қамшы да жеді. Бүкіл ауылды басына көтеріп жылап, елдің берекесін алған соң әкесі Ақша:

– Әй, Қалабай-ай, осыған тиіспеші, шат-шәлекейіңді шығарады, – деген.

Мұны естіген Көлбай одан сайын құтырынып алды. Алайда ол да тиісетін адамына ғана тиіседі.

Бекдауыл деген жездесі нағыз алыптың өзі. Балдызының қалжыңын шыбын шаққандай көрмейтін. Бір жолы мінген атының шабына қурай жүгіртіп мөңкітіп, байқаусызда жездесі ат үстінен ұшып түскен.

Ашуланған Бекдауыл Көлбайды ұстап алып, шыңғыртты дерсің. Содан бері оның маңайына қарыс аттам жақындамайды. Есбике жеңгесінен де аулақ жүреді. Оған «шымшуыр» деп ат қойып алған. Шамасы, ол да Көлбайды тәубесіне түсірсе керек.

– Әй, қара дәу, не жаңалық естідің? – деді көрпешенің үстіне етбетінен жата кеткен Көлбай. Інісіне қойып алған аты – «қара дәу». Бөгенбай ағасына жалт қарады. – Біз атажұртқа – Қоржынкөлге көшеді екенбіз. Әкем солай деп жүр, – деді сөзін жалғастырып.

– Шын ба?

Көлбай алдымен басын изеп алып, артынша сұраққа жауап қайырды:

– Жаз аяғында қозғалатын сияқтымыз.

**мініс – мінетін ат, көлік*

– Қап-ай, Бөгенді тастап кетеміз бе? Қимай отырғанымды қарашы, – деді Бөгенбай Көлбайға мұңын айтып.

– Қайтесің. Ата-бабаның қонысы. Әкем мен шешем де сол жақты көп айтады ғой, аңсайтын сияқты. Мәселен, менің де Бөгеннен кеткім жоқ. Қарашы жан-жағыңа. Биік тау, асқарға өрмелеген қарағай. Таза ауа. Салқын самал. Бір уақыт Бөгеннің сылдырына құлағыңды тосып көрші. Қандай ғажап.

– Ал Қоржынкөл маңайы, менің естуімше, ұшы-қиырсыз жазық көрінеді ...

Көлбай інісінің сөзін орта жолдан бөліп кетті.

– Онда Ерейментау деген тау бар ғой.

– Білемін. Ол мына Қаратау сияқты биік емес қой.

– Әкемнің айтуынша, Қоржынкөл атамның аталарының қыстауы екен. Жаз жайлауы – Қарағайлының маңайында Бибатыр дегенге таяу жер. Ол жаққа Көкшетауды басып өтіп, көшіп-қонып жеткен. Мүмкін ол жақ та әдемі шығар. Қанжығалымын, арғынмын дегендер түгел қоныс аударады екен, – деді Көлбай.

– Енді қалай деп ең. Ертеңгі күні қалмақтар шапса ...

– Тәйт! Тіліңе шоқ түссін. Жамандық шақырма, қара дәу ...

– «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» деген, – деп Бөгенбай мақалдап қойды.

– Пәлесінен аулақ, – деді Көлбай шошып түсіп.

– Естуімше, тау асып келген қалмақтар, әсіресе, ер балаларға өш дейді. Көзіне түскенін аямай, басын шауып алады екен. Неткен қатігез, қанішерлер, ә?

Көлбай Бөгенбайға қабағын түйе, өңі қуарып, жағы суалып, енді не істедік дегендей дәрменсіз күйде мойнын бұрды.

– Сонда не істеу керек? Көзді бақырайтып қойып, қалмаққа басымды кесе ғой деп ұсынамыз ба? Намыс қайда? Сауыт киіп, арқаға садақ іліп, Қызылкүреңге мініп жауға қарсы шаппаймыз ба? – деді жігерленіп кеткен Бөгенбай.

Дауысы зорайып, құдды тұғырынан түлеп ұшқан қырандай. Сұстана шыққан үнді естіген Көлбай інісіне

таңдана көз тастады. Ол қабағын түйсе, бұл да қабағын түйіп:

– Пах, пах! Сен бар ғой, сен тура әкемнен аумайсың. Рас, ей. Келбетіңе сүйсініп кеттім, – деді ағынан жарылып. – Шынында біз Қалабай, Майбасар, Тайбасар, менімен сен атқа қонсақ, кәдімгідей-ақ біраз күш екенбіз ғой ...

Жауап орнына Бөгенбай басын изеді. Әншейінде жас баладай тынымсыз Көлбай бұл жолы үлкендік танытып, Бөгенбайдың мазасын алмады. Бұл екі ортада інісінің «сол күнге тезірек жеткіз, Құдайым» деп күбірлегенін естіген жоқ.

– Көлбай, Көлбай! Бір нәрсе айтсам, елге жариялап жүрмейсің бе? – деді Бөгенбай Қаратаудың ұшар басына қарап әлденені ойлап отырған ағасына.

– Айта ғой. Аузымнан сөз шықса, айдалаға қаңғып кетейін.

Бөгенбай бауырына өкпелеп, аузын томпайтып теріс қарады. Оған Көлбай қиястанып жауап беріп отырғандай көрінді.

– Ау, Бөген, мен саған құлағымды тігіп отырмын ғой. Құдай ақы, шыным. Өтірік айтсам, оңбайын, – деп Көлбай қолымен мойнын қамшылады.

– Шын айтам, сен ертең мазақ қылып жүрмейсің бе? – деді інісі сабырмен.

– Оллаһи, биллаһи! Мен жезделерім мен жеңгелеріме әдейі тиісемін ғой. «Бұралқы сөз күлгенге жақсы» дейді атам. Оның үстіне өздері де тыныш жүрмейді.

– Әй қайдам?

– Түу, сенбейсің бе? Олар жұрт көзінше момақан болады, былай шыға маған көресіні көрсетеді, – деді Көлбай. Екеуі сәл уақыт үнсіз қалды.

– Сен менің Қызылкүреңімді сынадың ба? – деді Бөгенбай сәлден соң. – Жақсы ат болатын сияқты.

– Солай шығар. Кім біліпті оны?

– «Жақсы ат – жарым патшалық» дейді атам.

– Е, қойшы.

– Қоятын ештеңесі жоқ. Жылқы атаулының лай су ішкенін көрдің бе? Тіптен тұмсығын да малмайды.

– Солайы солай...

– Міне, жылқыны текті дейтіні сондықтан. Ойыңды тез ұғады. Қазақ жылқы малын аса құрметтейді.

– «Жақсы ат – ер қанаты» дейді емес пе? Сенің күреңің де нағыз батыр мінетін тұлпар болып шықса ғой.

Бөгенбай ағасының жүзіне ұрлана қарады. Осы шын айтып отыр ма деген күдігі де жоқ емес. Көлбай қолына ұстаған елік сап қамшысының шашақты ұшын жерге қадап, шұқшиып кетіпті.

«Иә, тұлпар болып шықса ғой» деген бауырының сөзін күбірлей қайталады. Сөйткенше құбыла беттен күміс қонқыраудай сыңғырлаған Қызылкүреңнің кісінегені естілді. Бөген суына беттеген топ тай-байталдың ішінен ерек шығып, басын көтеріп, «Ей, Бөгенбай ием. Мен алысқа ұзаған жоқпын. Іздесең жаныңдамын» деп белгі бергендей. Бөгенбай қолын бұлғап дауыстап қалғанын да өзі байқамайтын сияқты. Көлбай:

– Әй, Бөген. Осы сенің жылқы «жының» бар, – деген сөзін осымен екінші рет қайталады.

Бөгенбайдың бар ниеті Қызылкүреңге ауып, ағасының сөзін аса ден қойып тыңдай да алған жоқ. Тай тұнықта, мөлдір ағынға әлсін-әлсін бас қойып сәл тұрды да, топтан бөлектеніп ойнақтай жөнелді.

– Әне, менің Қызылкүрең тайым. Нағашымның маған сыйлаған бәсіресі, – деді мақтанған Бөген.

– Тайым дегенше, тұлпарым десеңші, – деді Қызылкүреңнің тірлігіне мәз болып елеңдеген Көлбай.

– Иә, солай дейінші. Тұлпарым менің, – деп күбірледі Бөгенбай.

Оның бұл үнін сыбыр еткен жел шартарапқа жаярдай жұлқынып екілене жөнелді. «Тұ...л...пар...ым...ме...нің!».

Ата Жаудың басын кескен алдаспан

Бөгенбай әр таңды өзінше қарсы алады. Ертеңгісін оянып, түндіктен аспанға көз тігіп, түндегі самсаған жұлдыздың ғайып болғанына өкініп, сәл уақыт жатып, кеудесін көтереді. Қатарында жатқан аға-інілерін түгендеп, барына көзі жеткен соң, ақырын ғана көрпені ысырып, орнынан тұрып сыртқа беттейді. Есікті ашып жіберіп, қиырдағы көкжиекке көз тігеді.

Таң атудың аса бір құпиясы жоқ. Шолпан туып, біраз сайрандап, жанары өше бастаған сәтте қаракөк аспанның жермен шектескен тұсынан ақ шапақ белең береді. Сөйтеді де әлгі ағараң тартқан тұс аумақтанып, аспанға жайыла бастайды. Құдды ақ жамылғылы санмың сарбаз қара киімді жау әскерін түре қуып бара жатқандай. Сөйте-сөйте жарты аспанды кеулеген ақ таң Бөгенге жетеді.

Түнімен тыныштыққа ұйқы бермей мазалап, іңгәлаған сәби – мөлдір ағынның үні айқындала түседі. Осы бір сәтте тауға көз салыңыз.

Шаруасы сәтімен біткен жайдары қарттай көз алдында еңсесін көтеріп тұра қалады. Сынық айнадай жылтылдаған сан сәуле әсем бір аспан шатырлы үйге жағалай іліп тастаған шырағдандарды елестетеді. Қаратаудан бетінді сипаған жібек самал еседі. Салқын ауа, тербелген дала ...

Бұл күні де күндегі әдетімен Бөгенбай далаға бет алды. Алдыға аттай беріп, артына бұрылды. Түнімен

қыңсылап, әлсін-әлсін ұлып маза бермеген Жолдыаяқ табалдырықтың көзінде жатыр екен. Үсті-басы қан-қан. Екі аттап, итке жетті.

– Айналайын, күшігім-ау, саған кім тиісті? Қасқырмен арпалыстың ба? – деді.

Сонан соң ары-бері айналып көрді. Әлдекімнің қылышының жүзі жон арқасын тіліп өтіпті, бірақ терісіне терең бойламапты.

– Жазығы не мақұлықтың? Тұз тағысы болса бір жөн. Алысқа ұзап шықпайтын ауыл төбеті. Қалай ғана қарниеттің қылышына тап болдың екен?

Обал-ай... Кішкенесінен асыраған күшігі. Көзін ашпай тұрып, көрші ауылдан алып келіп еді. Жолдыаяқтың жарасын таңып жүріп те, есік көзіндегі тулақтың үстіне жатқызып жатып та Бөгенбайдың ойынан күдік тарқамай қойды. Жалпы бұл түні маңайдағы ауылдың итіне маза болмап еді.



Таңертеңгі астан соң Бөгенбай әкесіне Жолдыаяқтың жайын баяндаған. Шаршап келген әкесі бұған аса мән бермеді. Тек баласын өрістегі атын әкелуге жұмсағанда барып:

– Әй, Бөген! Жалпы сақ болғандарың жөн. Қылыштарың қында жүрсін. Жаудың жақын жүрмесіне кім кепіл, – деді сыбырлай сақтандырып. Мұнысы әйелдер мен қарттар естімесін дегені болса керек.

– Ұқтың ба? – деді сонан соң. – Ауылдан ұзап шығар заман емес. Жылқыға да көз салып жүріңдер.

Түстен кейін әкесі қабағын түйген күйі Әлденбайға балаларды тапсырып, шоқырақ желіске түсіп, ұзап кеткен.

Келесі күні ертеңгісін Бөгенбай Қызылкүреңді алыстан бір көрмек боп сайға түсті. Тобылғы топтала өскен қыраттан жылқы малын көре алмай жүрегі су етті. Жүгірген бойы қыратқа шығып, жан-жағына асыға көз тастады. Қылқұйрық атаулы зым-зия, жердің жарығына түсіп кеткендей. Жүгіре-жүгіре беткейдегі қалың қарағайға жетті. Жылқы атаулы ұшты-күйлі. Сырғыған күйі сай табанына түсті. Қыбыр еткен тіршілік жоқ. Бір күннің ішінде осындай жұмбақ өзгеріс болады екен-ау. Жүгірген бойы үйге жетті. Үш бауырының ойына ештеңе кіріп-шығар емес. Ұйқыны соғып жатыр.

– Әй, жігіттер! Тұрыңдар! Маңайдағы жылқы атаулы зым-зия. Ниеті бұзық адамдар айдап кеткен сияқты.

Қорқынышты хабар әкелген дауыстан бәрі оянып, бастарын жастықтан жұлып алды. Әуелі кішкентай Тайбасар да еркек екендігін танытып, ағаларымен қоса орнынан атып тұрды.

Бұл екі ортада дәл іргеден ат тұяғының дүрсілі естіліп қалды. Бауырларын асықтырған Бөгенбай артына қарап үлгере алмады.

– Жау шапты! Мына жатыстарыңа жөн болсын, – деген Әлденбайдың айғайы естілді. Үлкен кісінің осыншама мазасызданғанын Бөгенбай аса жақтыра қойған жоқ.

– Не дедіңіз, аға! Елдің зәресін алмай жөнін айтсаңызшы, – деп жеңінен тартты.



Мына оқыс әрекет Әлденбайдың мысын басты ма, кім білсін, мұртты қара күбіжіктеп қалды.

– Батыр кеше ханның шақыртуымен кеткен. Аңдып тұрғандай мыналардың қорлығын-ай, – деді.

– Кімді айтасыз?

– Қалмақты ше? Сауын ауылындағы әйелдер мен балаларды түгел айдап кетіпті.

– Не дейді? Еркектер қайда?

– Үш-төртеуін шауып тастапты. Қалғанынан хабар жоқ.

– Басқа ауылдар біле ме мұны?

– Әлгінде естіп, баласы бар, шағасы бар, Ойрантөбеде жиналып жатыр.

– Онда кеттік. Міністі қайттік?

– Жылқыларды да түп-түгел айдап кетіпті. Қалабай, Көлбай үшеуіңе екі ат жарар. Мінгесіп аласыңдар жеткенше ...

– Қозғалдық онда.

Бөгенбайдың іші қан жылады.

– Қызылкүрең тайым да қолды болды ғой? – деді ішінен күбірлеп, әлі де сенер-сенбесің білмей. – Майбасар мен Тайбасарды қанжығалының бір үйіне тастап, ары қарай жауды табу керек.

Бөгенбай аттан қарғып түсті де, сай ішіндегі жалпақ алаңның ары-берісіне байыптап қарады. Анадай жердегі алаңқайда сырық басында үлкен садақ пен қорамсақ ілулі тұр. Он шақты жебенің басы қылтиып көрінеді. Бұл жерді Ойрантөбе деп атайды екен.

Жиналып жатқан жұрттың айтуынша, осы төбеде әкесі Ақша батыр сарбаздарымен таң бозынан ат ойнақтатып, найза шаншысып, қылыштасып жаттығу өткізеді екен. Атын да затына қарап қойған болар. Ары таман жүре бастап еді, анандай жердегі жалпақ тақтайшаға жабыстыра тартып ілген тері нысананы көзі шалды. Бұған қатты қуанып кетті. Қорамсаққа қол салып, қозыжауырын жебе алды. Иығындағы садақты алып адырнасын тартып көріп, оғын орналастырды. Әкесі сыйлаған кәдімгі соғыс садағы. Тізерлеп отыра қалып нысанаға көздеді. Ерніне күрек тісін қадап, ышқына тартып қалды. Жебе нысанадан асып барып, алаңқайдың үстінің шаңын бұрқ еткізе қадалды.

– Масқара, ұят болды ғой мынау, – деп күбірледі. – Мерген бала атанғаны қайда? Көлбай ағасының мұның жанында тұрмағанына шүкір. Анау жиналған топ та оны көрсе, мазақтап күлетін еді.

Жан-жағына ұрлана қарап алды да, екінші жебеге қол салды. Әлгінде терісіне сыймай ашуланып, садақты лақтырып жіберіп, бетін басып отыра кеткен. Садағы анандай жерде жатыр. «Менің жазығым жоқ» дейтіндей. Қаруын қолына қайта алды, қайта көздеді. Қолы дірілдеп, көз алды мұнартатын сияқты ма? Адырнаны тарта алмады. «Тигізе алмаймын деп қорқып тұрсың ба?» дей ме, босаған адырна дір-дір етті.

– Тигіземін, – деді кіжініп өз-өзіне.

Адырнаны шірене тартып қап, көзін жұмған күйі тұрып қалды. Екі ара жиырма қадамдай болатын. Бір аттап, екі аттап алдыға қарай жүрді. Адамның әрбір басқан қадамының мұншама зіл боларын кім білген. Санап барады, ойлап барады. Бір қадамы «тиді» десе, екінші адымы «оғың лағып кетті» дейтін сияқты. Нысанаға жете бере көзін ашып қалып, қайта жұмды. Сонан соң қолын созып тері керілген тақтаны қолымен сипады. Үміт алдамапты. Нысананың дәл ортасында дір-дір еткен қозыжауырын жебе тұр.

– Жарадың! – деді дауыстап жіберіп. – Бәсе, дәлдегенімді құр жібермеуші ем ғой ...

Осы кезде керней үні естілді. Жиналуға шақырған белгі. Әркім өз шаруасына беріліп кеткенінен бе, Бөгенбайға ешкім назар аудармапты.

– Сапқа тұрыңдар! – деген әлдекімнің дауысы естілді. Бөгенбай шеттеу тұрған Сансызбай деген сарбаздың жанына келіп сапқа тұрды.

– Әй, батырым! Әлі бесіктен белің шықпаған баласың. Мұның не? – деді көрші ауылдағы анасының немере бауыры.

– Қалмақтар Қызылкүреңімді алып кетіпті, – деді Бөгенбай ашулы үнімен. Қатарда тұрғандар ду күлді.

– Батыр балам не дейді, домбырам не дейді. Мұның тайын алып кетіпті, – деп кекетті ел ішінен әлдекім.

Жанарынан ұшқын от жылт еткен Бөгенбай саптың алдына шықты да:

– Жаңағы мақалшы кім? – деді қатқыл дауыстап.

Шамасы, әлгіндегі ұзын тілді жігіт алғашқыда Бөгенбайды ойын баласы, еркелеу өскеннің бірі ме деп қалса керек, жауырынды, кең иықты, еңселі қара сұрды көргенде, әлдене деуге бата алмай, үнсіз қалды да, сәлден соң қақалып-шашалып барып:

– Мы...науың ө...зі ба...ланың н...ары... ғой, – деп сөзін әрең аяқтады.

Жігіттер күліп еді, Бөгенбай әлгінің сөзінен ыңғайсызданып, төмен қарады да, атын тебініп қалып, саптағы орнына қайта тұрды. Қанжығалылар ауылына бас-көз боп Ералы деген Ақша батырдың жиені қалса керек:

– Жігіттер, қанға – қан, жанға – жан. Бала-шағамызды қалмаққа құл қылғанша, өлгеніміз жақсы емес пе, – деп дауыстап қалды.

Ақша балаларына да ат беріліп, топқа алынды.

Міне, содан бері бір күн өтіп, түн келді. Қазақ ауылдарын тонап, бала-шағаны алдына салған зорлықшыл қалмақтар Қаратаудан асып кете қойған жоқ. Себебі жол жалғыз. Долананың да асуынан өте қойған ешкім байқалмайды. Шамасы, олар сай-сайдағы қалың тоғайлардың ішін паналай тұрып, түннің бір сәтінде тау аспақ. Қазақ жасағы асу басына қарауыл қойып, қыбыр еткенге құлақ тігіп отыр. Азығы – тасқуырдақ*.

Доланадан бастау алған кәусар бұлақ екпіндей ағып, қыз күлкісіндей сыңғырлайды. Тәуіптің таспиғындай жалт-жұлт етеді. Таудың әтір сепкен самалына балапан жапырақтар сырын айтқандай.

... Өткен жылы ауылдың көп қарасирағы Долананың беткейінен бүлдірген терген-тін. Ол да бір қызық шақ екен ғой. Дәл қазір сол күндердің ауылы алыстап кетті. Ойпыр-ай, осы адамдар не үшін бірімен-бірі қырылыса береді екен. «Бір бұзығы, қараниеттісі соғыс бастап, қалғандары соның соңынан ереді» деуші еді қанжығалының қарттары. Көпті көрген көне көздер білмесе айтпайды ғой.

**тасқуырдақ – етті турап суға салып, оның үстінен қыздырылған тастарды салып отырып қайнатып пісіретін тамақтың түрі*

– О, Құдай, жарылқай гөр, қолдай гөр, – деп Бөгенбай күбірлеп, еңкейіп тұлыпты* суға салды.

Су толған соң нар тұлыпты «әуп» деп арқасына өңгеріп алып, алға қарай аяңдады. Кенет құбыла беттегі сайдың ішінен жылт еткен оттың сәулесі көрінді де, жалп етіп өшті. Артынша қайтадан сәулеленді де, ұштанып барып сөнді.

– Мыналар дәу де болса қалмақтар, – деді сонан соң сыбыр етіп. – Түнде от жағатын басқа кім бар?

Дәл бүгін жүз қаралы жасаққа бетегесі мен селеуі қалың шүйгін жайлау азықтарын да тауып берді. Сәті түсіп, қанжығалары қанданып бір-екі таутеке атып алған. Соны жақсы ырымға жорыған шоқша сақалды кегежім тартқан қарт:

– Тасқуырдақ жасалық. Құдай жолымызды оңғарады екен, – деп қуана дауыстап жіберді. – Адамдарымызды босатып алып қайтады екенбіз.

Осы сәтте су арқалап жеткен Бөгенбай:

– Анау сайдың ішінен жылтылдаған жарық көрдім, – деді тұлыпты жерге қоя беріп. – Тастың тасасына қалқалап от жаққан солардың өзі. Әлгіндегі жылқының кісінегені де тегін емес екен.

– Алдымен тамақтанып алайық, – деді Нұралы. – Сонан соң көрерміз тағы.

Оразалы қарт қазаншұңқыр тастың ойығына су құйып бір тазалап алды да, қайтадан су толтырды. Үш-төрт жігіттің басын қосып ет туратты. Жылбысқы* ет күрең тартып, кебірси бастапты. Қураған көп бұтақты бір жерге үйіп, оның үстіне жұмыртқадай домалақ қорым тастарды салып, от тұтатты. Қу бұтақтан ағаш шөміш жасады. Туралған етті қазаншұңқыр тасқа құйылған суға салып, Оразалы қарт алақанын бір-біріне үйкеп отыра кетті.

Бөгенбай жанарын аспанға қадаған қалпы шалқасынан жатыр. Самсаған көп жұлдыздың бірі аспанды қылдай жарып ұзын ақ жолақ жол салып барып өшті. Мүлгіген тыныштықты бұзып, әлдеқайдан үкінің қорқынышты үні,

*тұлып – мал терісінен жасалған дорба

*жылбысқы – жаңа сойылған малдың жасық, былжырақ еті мен терісі

